



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

6. Егемен-ақпарат. Алаш идеясы және азаттық таңы. - 2012.- №789-792(27863).- 30 қараша.

УДК 37.16

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР МӘСЕЛЕСІНІҢ ТӘУЕЛСІЗ БАСЫЛЫМДАРДАҒЫ КӨРІНІСІ

Есімова Гауһарай Аманғалиқызы

esimova@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, журналистика
мамандығының 1 курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – С.Е. Тапанова

Халықаралық қатынастар мәселесі ХХ ғасырдың соңында жаңаша сипат алды. Өткен ғасырдағы 90-жылдардың соңында құрыштан құйылғандай болып көрінетін Кеңес Одағының кенеттен ыдырауы өзге елдер секілді Қазақстанның да аңсаған азаттығына қол жеткізуіне түрткі болды. Осы кең көлемдегі үлкен саяси бөліністен кейін географиялық карта калпын өзгертіп, онда өз тәуелсіздігін жариялаған мемлекеттерді жасампаздық жолындағы стратегиялық жоспарлар, реформалар, инновациялық жобалар, ең бастысы, сыртқы істер саласында іргелі байланыс орнату мен дипломатиялық келіссөздер күтіп тұрды. Одақтың құрамынан шыққан республикалар өз алдына жеке территориялы ел болғаннан кейін, алдымен басты назарды ішкі ахуалға аударды және дербес мемлекеттерге тән қажеттіліктерді реттеуді жолға қойды. Мемлекеттің құрылымы негізінде халықтың және саяси биліктің бір орталыққа бағынуына күш салып, әкімшілік-жергілікті бөліну процесін белдеулік ерекшеліктерге сай орайластырды. Ішкі тұрақтылық бірізді жүйеге түскеннен кейін басқа елдермен жасалған ынтымақтастық келісім мен уағдаластықты берік ұстанымға айналдыруға және өзара түсіністікке болуға ден қоя бастады. Дәл осындай иерархияны ТМД елдерінің ішіндегі Қазақстан да бастан кешірді. Алайда біздің еліміздің басты ерекшелігі, кейбір мемлекеттер секілді жабық саясат ұстанбай, қайта жариялылықты ашық қолдады, халықаралық беделін арттыруды көздеді және әлем елдерін бейбітшілікке үндеді. Қазақстанның бұл мазмұндағы ең алғашқы қадамы – 1993 жылы ТМД мемлекеттерінің арасында бірінші болып ядролық қаруды таратпау жөніндегі келісім-шартқа қол қойды. Соның нәтижесінде 1994 жылы ел аумағынан бүкіл ядролық қаруды әкету аяқталып, келесі жылы бұрынғы Семей ядролық полигонында соңғы ядролық сынақ жойылды. Жалпылай алғанда, кез келген елдің халықаралық саясаттағы ұстанымы мемлекет басшысы тікелей байланысты. Бұл ретте біздің Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың еліміздің беделін жоғарылату барысында жасаған бастамалары мен саяси қадамдары жоғары бағаланады. Бүгінде Қазақстан тек ТМД елдері ғана емес, әлем державаларының басшылары ақылдасып, кеңесетін, ойымен санасатын мемлекет дәрежесіне дейін жетті.

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқы ассамблеясының ХХ сессиясында: «Біз ешқашан да әлемдік өркениет үдерістерінен тыс қалған емеспіз. Біздің ата-бабаларымыз бұл әлемдік үдерісті өздері қалыптастырып отырған. Қазақстанда ғана емес, Еуразия құрлығында тұратын барлық этникалық топтармен ұзақ уақыт бірлікте өмір сүруді көздеп отырғанымызды атап өткен жөн. Бүгінгі ұрпақ ата-баба дәстүрін ұстанып, толеранттылық пен патриотизмнің үлгісін көрсетуі керек», - деп атап өтті. Осыдан-ақ Қазақстанның халықаралық және ұлтаралық қарым-қатынасты өте нәзік бағыт ретінде есептеп, оны барынша тереңдікпен және кемелдікпен жүзеге асыратындығын айқын аңғаруға болады.

Барлық халықаралық қатынастар тақырыбы аясында болған мемлекеттік маңызы жоғары келіссөздер мен ресми кездесулер мемлекеттік басылымдармен қоса, тәуелсіз басылымдар бетінде де талқыланып, оқырманның қорыту, салыстыру, сараптау

пайымдарының теңгерімін сақтайды. Біз жаңа ғасырдың алғашында он жылдығында, яғни 2000-2010 жылдары тәуелсіз қоғамдық-саяси бағыттағы «Түркістан», «Жас Алаш» газеттерінде жарияланған материалдарға талдау жасайтын боламыз.

Еліміздің тәуелсіз басылымдарының журналистері халықаралық қатынастар тақырыбына қалам тербегенде екі бағыт негізінде жазады. Алғашқысы, Қазақстанның тікелей қатысуымен өткен халықаралық кездесулер мен келіссөздерді талқылайды және оған сарапшылардың көзқарасымен баға беріп, мүмкіндіктер мен болашақта халықтың тұрмысына әсер етуі мүмкін кері факторларға болжам жасайды. Ал екіншісі, өзге елдер арасындағы пікірлер қарама-қайшылығы, көрші елдердің ішкі тұрақсыздығы мен халықтың толқуы секілді мәселелерді көтеріп, оның біздің елімізге қандай жанама ықпалы болуы мүмкіндігіне зер салады. Біз 2000-жылдардағы газет тігінділеріне шолу жасағандықтан осы тұста ерекше атап өтерлігі, халықаралық қатынастар мәселесін жазған журналистердің құнды сараптама жасауға барынша талпынғандығы көрініп тұрады. Десе де, басылымның бағытына сәйкес кей кездері Қазақстанның өзге елдермен бірігіп қолға алған ірі жобалары мен соны бастамаларын келемеждеп, оны болашағына күмәнмен қарау да осы тәуелсіз басылымдардың табиғатына тән. Газет көпшілік оқитын ақпарат құралы болғандықтан, біржақты ой қорытпаудың, көзқарастар тепе-теңдігін сақтаудың, халықаралық байланысты ушықтырмаудың маңызы жоғары. Алайда нақты фактілерді мысалға ала отырып, жауды жақындатып көрсетпей-ақ, сандарды сөйлету арқылы оқырман жүрегіне жол табатын өнімдер бар.

Мәселен, «Жас Алаш» газетінің 2006 жылғы 5 қаңтары, №1 нөмірінде «Қытайды қалай пайдалана аламыз?» деген сараптамалық мақала жарық көрген. Авторы – Шыңғыс Мұқан. Онда жыл сайын Қытайдың ішкі жалпы өнімінің өсіп келе жатқандығы, 2050 жылы бұл көрсеткіш 50 триллионды құрайтыны және мақаладағы басты дәйектеме көрші елдің 2005 жылы қаңтар-қазан айларында 5 млрд. дана чамадан мен сөмке шығарып, одан 6 млрд. доллар табыс тапқандығы айтылады. Сондай-ақ еліміздегі энергетика саласына ықпал етіп отырғандығы, «ПетроҚазақстанды», «Атасу – Алашньоу» құбырын салудағы негізгі ойлары сарапшалардың пікірімен берілген. Материалда жан-жақты дәлелдер қамтылып, Қазақстан мен Қытайдың экономикалық байланысы сөз етілген және көрші елдің алдағы уақытта қуатты күшке айналатындығы айтылған. Расында, бүгінде «айдаһар елі» көптің таңдайын қақтырып тұр. Бүгінде АҚШ-пен иық тіресетін Қытайдың дәурені қай жағынан болса, жүріп тұр. Мақаланың түпкі мәні – Қазақстан да өзге елмен байланысын өз мүддесіне жаратсын, қашанғы шынтайғанға жастық болады дегенге саяды. Материал осыдан 12 жыл бұрын жазылғанымен, әлі күнге дейін өз актуальдығын жоймаған.

«Жас Алаш» газетінің 2006 жылдың 4 мамырында шыққан №35 нөмірінде «Қазақ-өзбек шекарасында тағы да қақтығыс болды» деген заметка жарияланған. Бұл жанрлық тұрғыдан қысқа заметка болғанымен, сол кезеңдегі қазақ пен өзбек шекарасының шынайы көрінісінен сыр шертеді. Мұнда 2002-2006 жылдар аралығында біздің елдің азаматтарына Өзбекстан шекарасынан 9 рет оқ атылып, соның салдарынан 6 азамат жараланып, 1-еуі көз жұмғандығы, ал біздің тараптан оқ атылудың нәтижесінде 3 өзбек жаракат алып, біреуі қаза тапқындығы мәлімделген. Заметканың жанрлық ерекшелігі сақталып, артық ауыз сөз жазылмаған. Авторы – Жұлдыз Әбділдә.

Бұлардан өзге, «Жас Алаш» газетінде 2005 жылдың 19 қарашасында жарық көрген «Саясат. Экономика.» айдарындағы «Екі мемлекеттің бір мемлекетке айналып кетуіне аз-ақ қалып тұр» деген қауіптің қисынсыз екендігін қазіргі уақыт көрсетті. Мұнда әлемдік басылымдардың Өзбекстан Ресейдің қоластына өтеді деген түсініктің шала түсінікке ерік бергендігі айтылады. Осы орайда, халықаралық оқиғаларға кеңінен шолу жасай алатын журналист осы пікірді жоққа шығарып жібергенде, газеттің уақыт үстемдігіндегі беделі артар еді.

Қазақстанның өзге елдермен экономикалық байланысын олардың ұлттық құндылықтарымен қатар қойып салыстыру, сол арқылы залал шегетіндей етіп көрсету біздің елімізде салалық журналистиканы дамытудың ауадай қажеттігін көрсетеді. Мәселен,

«Түркістан» газетінің 2013 жылғы 11 сәуірінде шыққан №14 нөмірінде «Еуразиялық ел»: «Қазақтың соры ма, бағы ма?» деген мақала былай басталады: «Қазақ мемлекеті түгіл, әңгімесін бір-біріне «ағашка», «сестренка», «короче» деп бастайтын әл-әзір қазақ деген аты ғана баржан иелеріні ар-намысы, ұлттығы, ақыл-парасаты қандай бейшаралық күйге түскенін олар шығарып жатқан киноларынан-ақ ап-анық көруге болады». Ал мақаланың басты мазмұны - Қазақстан, Ресей, Беларусь мемлекеттерінің басшылары қол қойған экономикалық одақ жөнінде.

«Түркістан» газетінің «Жаһан» халықаралық қосымшасы – негізінен халықаралық қатынастарды талқылауға, әлемдік қайраткер тұлғаларды танытуға арналған көмекші газет. Аталмыш басылымда 2012-2013 жылдары «Кремль Ереванға күш көрсетті ме?», «XXI ғасырдағы геосаяси ахуал. Қазақстанға көпвекторлы саясат тиімді ме?», «Киелі даланы күйдірген гептил», «Манас» әуежайының әуресі», «Оксарайда «от» шықты», «Ресеймен 3 жыл алысқан Янукович Кремльдің қысымына шыдай алмаған сияқты», «ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Кеңестер Одағына кері қайтпаймыз» тақырыптарындағы мақалалардың саяси салмағы басым, мазмұнына сәйкес туындаған және тарқатылған халықаралық шиеліністер талданған.

Жоғарыда, мысалға келтірілген саяси оқиғалардың бүгінгі кездегі сипаты өзгеше қалыпқа түсті. Қазір Қазақстан елдің ішіндегі әлеуметтік бағдарламаларды ғана емес, «Бір жол. Бір белдеу» секілді халықаралық бағдарламаларды қолға алып отыр, яғни халықаралық байланыс ауқымы кеңейіп, әріптестік нығая түсті. Әлемдік деңгейдегі қауіпсіздік кеңестеріне төраға болып, халықаралық аренада үлгі алушы ел болумен қатар, үлгі болатын мемлекеттер сапына қосылды.

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының алтыншы бөлімінде сананың ашықтығы төңірегінде: «Сананың ашықтығы зерденің үш ерекшелігін білдіреді:

Біріншіден, ол дүйім дүниеде, Жер шарының өзіне қатысты аумағында және өз елінің айналысында не болып жатқанын түсінуге мүмкіндік береді.

Екіншіден, ол жаңа технологияның ағыны алып келетін өзгерістердің бәріне дайын болу деген сөз. Таяудағы он жылда біздің өмір салтымыз: жұмыс, тұрмыс, демалыс, баспана, адами қатынас тәсілдері, қысқасы, барлығы түбегейлі өзгереді. Біз бұған да дайын болуымыз керек.

Үшіншіден, бұл – өзгелердің тәжірибесін алып, ең озық жетістіктерін бойға сіңіру мүмкіндігі. Азиядағы екі ұлы держава – Жапония мен Қытайдың бүгінгі келбеті – осы мүмкіндікті тиімді пайдаланудың нағыз үлгісі», - деп атап өтті.

Қорыта айтқанда, Тәуелсіздік алғанына небәрі ширек ғасыр толса да, Қазақстанның бүгінгі таңдағы халықаралық беделі биік. Ал мұндай жоғары нәтижеге қол жеткізуімізге халқымыздың жылдар бойы толеранттылық танытуының ықпалы зор.

Тәуелсіз басылымдар ерекше маңыз беретін халықаралық қатынастар мәселесі әрқез өз өзектілігін сақтап, халықтың сыни ойлау дағдысын дамыта беретін болады және осы арқылы олар мемлекеттік басылымдармен ақпараттық нарықта бәсекелестік орната алады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Л.С.Рубин «Как разрешать конфликты и формировать толерантность». – Академия Москва, 2008 г. – стр. 275
2. Республикалық «Жас Алаш» газеті – 4 мамыр, 2006 жыл, №35 шығарылым – 1 бет.
3. Республикалық «Жас Алаш» газеті – 5 қаңтар, 2006 жыл. №1 шығарылым – 6 бет.
4. «Түркістан» халықаралық саяси апталығы – 11 сәуір, 2013 жыл. №14 шығарылым. – 1 бет.
5. «Түркістан» халықаралық саяси апталығы – 18 шілде, 2013 жыл. №28 шығарылым – 3 бет.
6. «Егемен Қазақстан» газеті – 26 сәуір, 2017 жыл. – 1-2 бет.